

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 544 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2014 жылғы 6 ақпанда 2522 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 189 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 11.03.2014 № 189 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына, «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес Отырар аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б. И б а д у л л а е в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>С.Полатов</i>	
О т ы р а р	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	« 3 1 »
№ 544 қаулысына 1-қосымша		ж е л т о қ с а н д а ғ ы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Отырар ауданы	1870	1450	480

Отырар ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «31» желтоқсандағы
№ 544 қаулысына 2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
18375,8	12122,4

Отырар ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «31» желтоқсандағы
№ 544 қаулысына 3-қосымша

Ата – ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	337,35	7084,35

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.